

Құрылтайшы және
шығарушы:
«Қазақ газеттері»
Жауапкершілігі
шектелулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің
төрағасы
Шәмшидин
ПАТТЕЕВ

Бас редактор –
Жаңабек ШАҒАТАЙ

Бас редактордың
орынбасары –
жауапты хатшы
Жарас Сәрсек

Бөлім меңгерушісі
Жаңабай
ТОЙБАЗАРОВ

Редакция алқасының
мүшелері:

Абзал Талтенов
Гауһар Алдамбергенова
Мереке Құлкенов
Нұрлан Оразалин
Тілектес Есполов
Сағатбек Медеубекұлы
Арман Қырықбаев

Техникалық редактор
Жұмағазы Омарұлы



Абайдың қара сөздері

Он бірінші сөз

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық

менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге парти-ялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Антың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?



Мазмұны

Абайдың қара сөздері <i>Он бірінші сөз</i>	1
Амантай ИСИН <i>Абай және тарих</i>	2
Динара МЫҢЖАСАРҚЫЗЫ <i>Абай – әлем картасында</i>	12
Тоқтар ӘЛБЕКОВ <i>Қазіргі ұрпақ ұлттық болмысынан кіндік үзіп алғандай</i>	17
Асқар АЛТАЙ <i>Аршын сұлу</i>	23
Марлен ҒИЛЫМХАН <i>Саған деген сезімнің өшуінен қорқамын</i>	30
Сәкен СЕЙФУЛЛИН <i>Шашыранды сөз, даулы мәселелер туралы</i>	36
Сембек ЖҰМАҒАЛИЕВ <i>Қызығы мен шыжығы көп өмірді бастан кештім</i>	39
Әсия БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ <i>Сақтансаң сақтайды</i>	43
Гауһар ТҮСТІКБАЕВА. <i>Тарихта қандай пандемиялар болған?</i>	46